

Траншекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау жөніндегі қазақстан-қытай бірлескен комиссиясының қазақстандық бөлігінің құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 желтоқсан N 1324

2001 жылғы 12 қыркүйекте Астана қаласында жасалған және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 қыркүйектегі N 989 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Траншекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің 8-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Траншекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау жөніндегі қазақстан-қытай бірлескен комиссиясы қазақстандық бөлігінің құрамы бекітілсін.

2. Қазақстан-қытай бірлескен комиссиясының қазақстандық бөлігінің өкілі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігін жыл сайын жасалған жұмыстар туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 19 желтоқсандағы
N 1324 қаулысына қосымша

Траншекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бірлескен қазақстан-қытай комиссиясының қазақстандық бөлігінің құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.23. N 855 , 2004.06.09. N 638 , өзгерту енгізілді - 2005.08.02. N 803 , 2005.10.15. N 1031 , 2005.12.30. N 1318 қаулыларымен.

Айтжанов Дулат Нулиұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, өкіл

Бөлегенов Ерғали Бөлегенұлы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері департаментінің директоры, өкілдің орынбасары

Рябцев Анатолий Дмитриевич - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің төрағасы, өкілдің орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК